



Жанаш Нұрмахан,
*ҚР-на еңбегі сіңген мұвалім,
Жылыой ауданының Құрметті азаматы,
Республикалық дәрежедегі зейнеткер*

Өнерліге тағзым

Бұл қазақты «Әліппені көшігіп ашты» - дейтін әлемнің екінші ұстазы Әбунәсір әл-Фараби емес пе еді.

Жайбасар деп кеміткісі келеді - бұл біздің басқан жері ойылатын ең сабырлы халық екендігіміз емес пе еді, «үйде туып тұзде өлген жігітте арман бар ма екен» деуге аузы үйлескен Батыр ұлт та біз болсақ керек-ті. «Қонақ қабылдауда біз өлемге мақтанамыз деп жүрсек, қазақтар бізді сан есе орап алады екен»-деп мойындаған жоқ па еді гүржілердің өзі. Жайық бойынан бұдан бірнеше жүз жыл бұрын Мысырға барып сабақ беріп тұрғандар біздің жігіттер еді ғой, әдеп жөнінде-үлкен адамның бетіне жел болып тимеген, алдынан кесіп өтпеген деп бағаланған, махаббатта бала – балдан төтті, баланың баласы - балдан да, баладан да төтті, - деп сүйетін ұлт өзіміз ғана сияқты болатын.

Ән салсақ-Мұхит болдық, күй тартсақ-Құрманғазы болдық. Ел қорғаған батыр да, шапағатшы, әулие деп Бекет пен Байбақтыны маңдайымызға ұстадық.

Шешендер өтті жол салған тілдің өртімен

Балуандар өтті қарсыласы мертілген.

Сатанның сазы сәскелік жерден естілсе,

Сақыптың әнін естіген адам елтіген.

Сырым батырдың көтерілісіне Кіші жүздің 25-тайпасының 20-сы қатысты. Батырдың өзі ел басқарудың жаңа үлгісін, француз революциясынан төрт жыл бұрын көрсеткен болатын.

18-ғасырдың аяғында бөкейліктен елді шығысқа көшірген шеркеш Сырға батыр, Көсем батыр 3000 үйді, Жарқынбай батыр, сол кезде ел басқарған Тұрманбет би, Есенаман шешен, сондай-ақ екінші Екатерина патшайымға, Кіші жүздің ханын қоюда ақыл берген таз Құлжабай, адай Атағозы, ысық

 *Аққуға әнін қосқан аспандағы...* 

Қаратау, Жанғабыл Жарқынбай би асқан батылдық көрсеткен еді ғой.

Ата-баба дәстүріне сай туған жеріміз жол көрсетер ақсақалдарына, өл басқара алатын азаматтарға, сөз иелеріне, өнер иелеріне, дін адамдарына, әулиелерге, таңдайы жарылған шешендерге, батырлар мен балуандарға жарлы емес еді. Мен билерден Айтуар мен Қалмұратты, Махамбет пен Ноқыны, ақындардан Меке мен Ысқақты, Бердіғали мен Жылқышыны, Әліп пен Жолжанды, еншілерден Сұлушаш, (Болай) өже мен Қамбаш қатынды, Нұржан баланы ғана ауызға алам. Ақын қыздар Бөпіш, Бүйрек, Жәниса, Күния, Қатша мен Қауынша апеларымды айтсам деймін. Ағартушылардан Хасан, Жұмабай, Нәсір, Тілеген, Сәлима жеңге, Тұрған апа және іні-қарындастарымның жолы бір бөлек. Айтып отырғандарымның бәрі мысал ғана. Бұл жерде, сонымен қатар, өзімізді жарнамалауымыздың кем екенін мойындауымыз керек.

Өткен ғасырдың орта кезеңіне түсейік. Қазақ Республикасының 20-жылдығы тойланған 1940 жыл еді. Мен Украинада-армиядамын. Қазан айында орталық баспасөзден ең жоғары марапатқа-Ленин орденіне ие болған бір азғана адамдардың ішінде Ысмағұл Қосыбаев ағамның есімі жүр. Өз көзіме сенбедім. Ал Ысмағұл қандай мақтауға да тұратын азамат еді.

Батылдар өтті қолымен жалын көсеген-десе, осы Ысекең,
Жайсаңдар өтті артық бір туған шешеден-десе, осы Ысекең,
Отаны үшін, халық үшін күресте

Біздің ерлер кеудесін оққа төсеген - десе, осы Ысекең сынды жігіттер ылайық еді.

Он сегіз жасында, соғыстан бұрын өлеңі кітапқа орысша аударылып басылған Далабай Жазықбаевтың есімі Алматыдағы Жазушылар үйіндегі ескерткіш тақтада тұр. Жылыой ауданындағы орта мектепке аты берілген. Бұлардың бәрі республика баспасөзінде құт дарыған жер деп аталған Айранкөлде туғандар еді.

Республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Сисенбек Есенғалиевтың (1938-1998) үні Мәскеу мен Атырау арасын жаңғыртты.

Оның туған інісі Қадырбек Есенғалиевтың (1941-2008) дауысы Алматы-Атырау-Қызылқоға-Жылыой арасын сазбен берік жалғап қойған.

Ағайынды екеуі ел құрметіне бөленген туған жер ауасын ән-күйге бөктіріп кеткен абзал жандар еді. Достары мен туыстары өнер иелеріне айрықша ілтипат көрсетіп, ал ержетіп өсіп келе жатқан ұрпағы осы бір естеліктерін көпке тарту етіп отыр.

Қабыл алыңыздар, халайық!

Қасиетінде киелі қазақ халқы, оның ішінде Жылой жері, арғы-бөргі дөуірлерге көз жіберсек, талай тарланбоз азаматтарды өмірге әкеліп, өнеге тұтуға жаратқан. Біріне - бірі жалғасқан ғасырлар өресінде ғажайып талай

Аққуға әнін қосқан аспандағы...

жаршысы да бола біледі. Жаңа үлгідегі "Екпін" атты мәдени-үгіт бригада құрылуына, оның Республикалық байқауға қатысуына мұрындық бола біледі.

Ол әр сапарында елді мекен тұрғындарын татымды да тартымды әндерімен сусындатып, үлкен қошемет пен сүйіспеншілікке бөленіп отырады. Ол сахнаға шықса көрермен-тыңдармандардың еңсесі көтеріліп, оның әнін бей-жай тыңдай алмайтындығын білдіріп отыратын. Ол әсіресе халықтық және Қазақстан композиторларының әдемі де әсем, кең дауысты әндерін көбірек орындайтын. Ол әр әнді аса бір салмақпен, ұстамдылықпен, биік дауысты пафоспен орындауға жетіліп үлгерді.

Ол жүйрік әншілер санатынан болатын. Әрдайым өзін бапта ұстап, қандай жағдайда да, қандай жерде де ән сап десең болды, бабындағы сөйгіліктей салып қоя баретің, ешбір қамшы салдырмайтын хас жүйріктің өзі еді. Оған еліктеуші жас өнерпаздар, соның ішінде әнді өміріне серік еткен жастардың көп болғаны белгілі. Ұлы өнер жолына түскен ұл да, қыз да оның батасын алып, болашаққа томағасын сыпыртып биікте самғай ұшуға бет түзейтің. Оның өнеріне үлкен де, кіші де тәнті болатын. Содан да болар оның өнердегі жолы сәтті басталып, сәтті жалғасты. Оның айқын айғағы - әр жылдарда алған дипломдары, алғыс хаттары, құрмет грамоталары және басқа марапаттары. Соның ішінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 54 жылдығына орай өткізілген өнер сайысын да Жеңіске ие болғаны үшін берілген диплом, Жылойдың 75 жылдығы, Атырау қаласына 350-жыл 360-жыл "Мәдениетті қолдау жылы-2000" мерекелеріне орай "Ақерке-Жайық" облыстық фестиваліне қатысып, ауданның мәдениет күнін өткізуге қосқан үлесі үшін Жылыой ауданның әкімі Р.Артығалиев, 2001 жылы 60 жасқа толуына байланысты аудан әкімі А. Бисенов, сондай-ақ аудандық мәдениет бөлімі атынан алғыс хаттар, 1987 жылы Ұлы Қазан төңкерісінің 70 жылдығына орай өткізілген халық шығармашылығы екінші Бүкілодақтық фестиваліне белсені қатысқаны үшін құрмет грамотасына ие болуы - сөзіміздің жарқын дәлелі.

Қадырбек - өмірінің еңгелі, өнерлі шағын Жылыой жерінде өткізумен қатар, осы өңірден отбасы жылуын, яғни ошақ пен отбасы бақытын да тауып, үлкен қуанышқа кенеле білген азаматтардың бірі. Ол осында Сара есімді арумен тағдыр қосып, өз отауларын көтергелі де 40 жылдай уақыт өтті. Осы жылдарда жандары жарасқан қос арыс дүниеге Жанар, Марал, Гүлстан, Бекболат, Гүлжан, Маржангүл есімді ұрпақтарды әкелген-ді. Ол ұрпақтардың бәрі де бойжетіп, өржетіп, бүгінде өз дәрежесінде білімдерін алып, өз отауларын көтеріп, халық шаруашылығының әр саласында жемісті еңбек өтіп, ел экономикасы мен өлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар атқарып келе жатқан азаматтар екенін ерекше ықыласпен айтқан жөн.

Жасы 68-ге қараған шағында Қадырбек Есенғалиұлы дүниеден озды.

